

"Қаныш Сәтпаев атындағы Ертіс-Қарағанды каналы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жекелеген мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 24 тамыз N 1302

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Z970067_ Заңына сәйкес, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына ерекше әсер ететін Ертіс-Қарағанды каналының стратегиялық маңызын ескеріп, Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қаныш Сәтпаев атындағы Ертіс-Қарағанды каналы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - Кәсіпорын) банкроттығына **б а с т а м а ж а с а с ы н .**

2. Кәсіпорынның банкроттығы туралы сот шешімі шыққан жағдайда, конкурстық массасын сатудың ерекше жағдайлары мен тәртібі белгіленсін және сатып алушыға мынадай **қ о с ы м ш а т а л а п т а р қ о й ы л с ы н :**

1) каналдың іркіліссіз жұмысын жүзеге асыру үшін қажетті өндірістің бірыңғай технологиялық циклын қамтамасыз ететін кәсіпорынның мүлік кешенінің бірыңғай **л о т п е н с а т ы л у ы ;**

2) негізгі лоттың ең төменгі бағасы әкімшілік шығындардың сомасынан кем түспеуі ;

3) сатып алушының өндірістік-технологиялық циклдың үздіксіздігін қамтамасыз е т у і ;

4) республикалық кәсіпорын мәртебесіне ие және тиісті лицензиясы бар

сатып алушының мүлік кешенін сатып алуға басым құқығы;

5) конкурстық массаны сатудан түскен қаражат жетпеген жағдайда, сатып алушы Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен келісілген кесте бойынша Кәсіпорынның бірінші және үшінші кезектегі берешектерін өтеу жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК